



Электрондық тендерлік құжаттама

1068241 Ғимарат/үймарат/құрылым мен жапсарлас аумақтарға күтім жасау қызметі сатып алу бойынша

«Ашық тендер» тәсілімен

Тапсырыс беруші "QazaqGaz Onimderi" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Ұйымдастырушы "QazaqGaz" Ұлттық компаниясы" Акционерлік қоғамы

Мекенжайы: ҚАЗАҚСТАН Астана қ. к. ул. Әлихан Бөкейхан ү. здание №12,

Телефон +7 (717) 255-2232

Ішкі нөмір 0052

Электрондық пошта a.apray@qg.kz

Банк деректемелері: "QazaqGaz Onimderi" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 050840009020, ЖСК KZ176010111000219346, Кбе 17, валюта KZT, АО "Народный Банк Казахстана", БСК HSBKZKX

«Ашық тендер» тәсілімен осы электрондық сатып алу <http://zakup.sk.kz> веб-порталында электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі.

Жариялануы тиісті ақпарат орналастырылған веб-сайттың электронды мекенжайы <https://zakup.sk.kz>.

Сатып алынатын ТЖҚ тізімі:


Лот №	Сатып алынатын ТЖҚ атауы	Жеткізілетін тауарлардың, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамалары	Саны, көлемі	ҚҚС қоспағандағы сома	Жеткізу орны	Жеткізу мерзімі	Өтінішті қамсыздандырудың сомасы
№ 1 (106 У, 3893617)	Ғимарат/үймарат/құрылым мен жапсарлас аумақтарға күтім жасау қызметі	Ғимараттардың/құрылыстардың/жайлардың коммуналдық шаруашылық жүйелеріне және оларға жататын аумақтарға техникалық/профилактикалық қызмет көрсету, жинау, ұсақ және жедел жөндеу	1.000	521 335 446.39	ҚАЗАҚСТАН Астана қ., "Есіл" ауданы ҚАЗАХСТАН, г.Астана, район "Есиль", ул. Әлихан Бөкейхан, зд. 12	04.2025 бастап 12.2025 дейін	5 213 354

Тендерлік өтініштің қолданылу мерзімі кемінде 120 күнгізбелік күнді құрауы керек. Тендерге қатысу өтінішін қамсыздандырудың қолданылу мерзімінің өтуі тендерлік өтінішті ұсынудың соңғы мерзімі күнінен бастап есептеледі.

1. Жалпы ережелер

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





1068241

1.1. Тендерлік құжаттама «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі - Тәртіп) сәйкес әзірленді.

Осы тендерлік құжаттамада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

Жүйе - «Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі (zakup.sk.kz);

Электрондық құжат - электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған ақпарат және Жүйеде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

Электрондық көшірме - түпнұсқа құжаттың (нотариаттық куәландырылған көшірме) мазмұнын электрондық-цифрлық нысанда толығымен көрсететін, Жүйеде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған құжат;

ЭЦҚ - электрондық-цифрлық қолтаңба, электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терілі;

Тапсырыс беруші - Қор немесе Қордың ұйымы;

Сатып алуды ұйымдастырушы - тапсырыс берушінің лауазымды тұлғасы немесе құрылымдық бөлімшесі не сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты болып белгіленген заңды тұлға;

Әлеуетті өнім беруші - сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер консорциум, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе);

Қордың бірінші деңгейдегі еншілес ұйымы (ПК) - дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан артық пайызын меншік немесе сенімгерлік басқару құқығы негізінде Қор тікелей иеленетін Қордың бірінші деңгейдегі еншілес ұйымы;

1.2 Тендер құжаттаманы <https://zakup.sk.kz> веб-порталында электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі арқылы алуға болады.

2. Тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру және кездесу өткізу шарттары

2.1. Әлеуетті жеткізуші өтініштерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы жүйеде сұраныс беру арқылы жүгінуге құқылы.

2.2. Тапсырыс беруші/ұйымдастырушы сұраныс келіп түскен күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оған жүйеде жауап беруге міндетті.

Лот № 1 (106 У, 3893617)

3. Сатып алынатын ТЖҚ сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

3.1. Сатып алынатын ТЖҚ сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану сипаттамалары техникалық сипаттамада көрсетілген.

Әлеуетті жеткізушіге қойылатын талаптар:

3.2. Әлеуетті өнім берушіде соңғы 5 (бес) жыл ішінде жұмыс тәжірибесінің болуын көздейтін біліктілік талаптары:

3.2.1. Әлеуетті өнім берушіде ҚҚС-ны және шот-фактураларды (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шот-фактураларды қағаз жеткізгіште жазу кезінде) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шот-фактураның (электрондық шот-фактураның) үзінді көшірмесі талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда сатып алу веб-порталын электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесімен интеграциялау арқылы электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінен жүктелген электрондық шот-фактураларды есепке алмағанда бір шарт бойынша жиынтық көлемі әр жылда кемінде 75 миллион теңгені құрап, көрсетілген қызметтерді қабылдап алуды-беруді растайтын тиісті актілермен расталған сатып алынатын біртекті жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында соңғы 5 жыл ішінде жұмыс тәжірибесінің болуы тиіс.

Егер тендердің нысанасы жаңа объектілерді салу, сондай-ақ қолданыстағы объектілерді кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, реставрациялау және қолданыстағы объектілерді күрделі жөндеу болған кезде Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамаға сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі





саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шот-фактураның (электрондық шот-фактураның) үзінді көшірмесі талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда сатып алу веб-порталын электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесімен интеграциялау арқылы электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінен жүктелген шот-фактуралар (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шот-фактураларды қағаз жеткізгіште жазу кезінде) немесе электрондық шот-фактуралар жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болса, сәйкестік туралы декларацияның қосымша электрондық көшірмесі ұсынылады, онда осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетіледі (объектіні пайдалануға қабылдау актісінде қосалқы мердігер туралы мәліметтер болмаған жағдайда).

Консорциум тендеріне қатысқан жағдайда осы тармақта көзделген біліктілік талабына оның қатысушыларының консорциалдық келісімімен анықталған консорциумның бас қатысушысы сәйкес келуі керек.

3.3. Әлеуетті өнім берушілерде сатып алу нысанасына сәйкес келетін салада біліктілігі және/немесе жұмыс тәжірибесі бар мамандардың болуы туралы талаптар

3.3.1. Әлеуетті жеткізушінің келесі мамандары болуы керек:

Біліктілігі және/немесе жұмыс тәжірибесі бар мамандар	Мамандардың біліктілігін және/немесе жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар	Саны	Еңбек өтілі
Жинау машиналарының машинисі	Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ)	2	1.00
Маман/диспетчер/оператор	Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес маман немесе диспетчер немесе оператор қызметкерінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ).	3	2.00
Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі Инженер	1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес "тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау" мамандығы бойынша жоғары білімді растайтын құжат 2. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес "Кәсіпорындардағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау" сертификаты. 3. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер қызметкерінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ).	1	2.00
Құрылыс инженері	1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес "құрылыс" мамандығы бойынша жоғары білімді растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін инженер-құрылысшы лауазымындағы қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ).	1	3.00
Флорист/Гүл Өсіруші	"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32 – бабына сәйкес Өсімдік шаруашылығы мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білімін растайтын, біліктілігі берілген құжат-гүл өсіруші 4 разрядтан төмен емес.	2	Талап етілмейді
Слесарь-сантехник	1. Слесарь-сантехник мамандығы бойынша "білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес қосымша білімді растайтын куәлік/сертификат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін Слесарь-сантехник қызметкерінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ).	3	2.00
Өрт қауіпсіздігі инженері	1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес "Өрт қауіпсіздігі" мамандығы бойынша жоғары білімді растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде	1	1.00

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





	көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін өрт қауіпсіздігі жөніндегі инженер лауазымындағы қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ).		
Автоматты қауіпсіздік жүйелерінің технигі	1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына сәйкес "радиотехника, электроника және телекоммуникация"мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білімін растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ).	1	2.00
Супервайзер	1. Клининг саласындағы "білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес қосымша білім беруді растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ)	1	3.00
Слесарь-баптаушы	Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ)	1	2.00
Тазалаушы	Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ)	40	1.00
Слесарь	1. Слесарь мамандығы бойынша "білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес қосымша білімді растайтын куәлік/сертификат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін слесарь қызметкерінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ).	3	2.00
Электрик/электромонтажник	1. Электрмен жабдықтау мамандығы бойынша "білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына сәйкес техникалық және кәсіптік білімін растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін электрик немесе электромонтажшы қызметкерінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ)	5	2.00
Суретші-сылақшы	1. Суретші-сылақшы мамандығы бойынша "білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес қосымша білім беруді растайтын құжат 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін сырлаушы-сылақшы қызметкерінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ)	2	2.00
Өнеркәсіптік альпинистер	1. Өнеркәсіптік альпинист мамандығы бойынша "білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес қосымша білім беруді растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін Өнеркәсіптік альпинист қызметкерінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ).	5	1.00
Инженер-жылу энергетигі	1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес жылу энергетикасы мамандығы бойынша жоғары техникалық білімді растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін инженер-жылу энергетигі қызметкерінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ).	1	2.00
Электросварщик	1. Дәнекерлеу дело мамандығы бойынша "білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына сәйкес техникалық және кәсіптік білімін растайтын құжат. 2. Дәнекерлеушілер мен дәнекерлеу өндірісінің мамандарын аттестаттау қағидаларына сәйкес дәнекерлеу жұмыстарына рұқсатты растайтын құжат 2021 жылғы 23 қыркүйектегі №468. 3. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген,	1	2.00

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





1068241

	талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін қызметкердің электр газбен дәнекерлеуші ретіндегі жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ).		
Маман	1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес қосымша білім беруді растайтын "Schneider Electric" техникалық тренингінен немесе курсынан өткені туралы ресми өкілден немесе дистрибьютордан Сертификат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ)	1	2.00
Маман	1. Маманның дағдыларын растайтын, Volvo Penta және Mitsubishi қозғалтқыштарымен жабдықталған дизель-генераторлық қондырғыларды диагностикалау, монтаждау, баптау, Баптау жөніндегі "білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес қосымша білім беруді растайтын ресми өкілден/дистрибьютордан құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін қызметкердің маман лауазымындағы жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ).	5	1.00
Сыпырушы/жұмысшы	Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін қызметкердің аула сыпырушы/жұмысшы жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ)	5	1.00
Төмен ток жүйелеріне қызмет көрсету жөніндегі маман (жабдықтың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі құрылымдық кабельдік желілер)	1. Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығы бойынша "білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына сәйкес техникалық және кәсіптік білімін растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ).	1	1.00
Инженер-электрик	1. "Инженер-электрик" біліктілігі берілген "білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес жоғары білімді растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің инженерлік-техникалық қызметкерлерінің тізіліміне енгізілген "жұмыс өндіруші: инженерлік желілер мен құрылыстар бойынша: инженер-электрик" мамандануы бойынша біліктілік аттестаты 3. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін инженер-электрик лауазымындағы қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ).	1	3.00
Инженер энергетик	1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес "электр энергетикасы" мамандығы бойынша жоғары білімді растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін инженер энергетик лауазымындағы қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ).	1	3.00
БӨАЖА Инженері	1. Автоматтандыру және басқару мамандығы бойынша "білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес жоғары техникалық білімді растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін "БӨАЖА инженері" мамандығына сәйкес келетін қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ).	1	1.00
Маман	1. Siemens ресми өкілінен немесе дистрибьюторынан "білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес қосымша білім беруді растайтын desigo бағдарламалық-аппараттық кешенінің базасында ғимараттардың автоматикасы жүйесі бойынша техникалық тренингтен немесе курстан өткені туралы құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ).	1	2.00

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





	тармақ)		
Ағаш ұстасы	1. Ұста мамандығы бойынша "білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес қосымша білім беруді растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін ағаш ұстасы қызметкерінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ)	4	2.00
Бақылау өлшеу аспаптары мен автоматикаға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі Слесарь	1. Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару мамандығы бойынша (бейіні бойынша) "білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беруді растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін Бақылау өлшеу аспаптары мен автоматикаға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі қызметкердің слесарь ретіндегі жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ).	1	3.00
Плиткамен қаптаушы	1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес, плитка қаптаушы мамандығы бойынша қосымша білім беруді растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген, талап етілетін мамандыққа сәйкес келетін Плиткамен қаптаушы қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ)	1	2.00
Инженер / техникалық персонал басшысы	1. Құрылыс/Жылу энергетикасы мамандығы бойынша "білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес жоғары білімді растайтын құжат 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы тармақтарының бірінде көзделген Инженер немесе техникалық персонал басшысы талап ететін мамандыққа сәйкес келетін қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (1-тармақ және 6-тармақ немесе 2-тармақ және 6-тармақ).	1	3.00

Әлеуетті өнім берушінің, тиісті маманның(дардың) болуы маманның жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесімен және жұмысқа қабылдау туралы әлеуетті өнім берушінің актісімен немесе өтінім берілген маманды басқа жұмысқа ауыстыру туралы әлеуетті өнім берушінің актісімен немесе оны Тәртіпке № 14 қосымшаға сәйкес нысан бойынша маман ретінде тартуға өзі қол қойған келісіммен расталады.

Осы орайда жұмыскердің тәжірибесі соңғы 10 (он) жылда ескеріледі.

3.4. Рұқсат (лицензия) беру туралы талаптар

3.4.1 Талаптар қарастырылмаған.

3.5. Растаушы құжаттарды ұсына отырып, әлеуетті өнім берушіде жабдықтың, техниканың (техникалық құрылғылардың), ғимараттардың (құрылыстардың), үй-жайлардың болуы туралы талаптар

3.5.1 Талаптар қарастырылмаған.

3.6. Әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беруі мүмкін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемдері

3.6.1. Әлеуетті жеткізушінің субмердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтық түрде қызметтердің жалпы көлемінің 25.00 % асырмай қызметтер көрсету үшін беруіне рұқсат етіледі.

3.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген өзге де талаптар

3.7.1 Талаптар қарастырылмаған.





3.8. Сатып алу санаттық стратегиясында айқындалған әлеуетті өнім берушілердің біліктілігіне қойылатын талаптар

3.8.1. Талаптар қарастырылмаған.

3.9. Әлеуетті өнім берушінің бенефициарлық иелері туралы ақпаратты ашу туралы талап

3.9.1 Әлеуетті өнім беруші әлеуетті өнім берушінің бенефициарлық иелері туралы ақпаратты ашуға немесе сатып алу веб-порталында айқындалған нысан бойынша осы мәліметтерді ашудан бас тарту себептері туралы ақпаратты электрондық түрде беруге тиіс.

3.10. Жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлердің (қызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылардың) тізбесі, қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындауға) берілетін жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің көлемі мен түрлері

3.10.1. Егер әлеуетті өнім беруші жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету үшін қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда ұсынылады. Қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауға) берілетін жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің көлемі тендерлік құжаттамада айқындалған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемінен аспауы тиіс.

3.11. Әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының және әлеуетті өнім берушінің уәкілетті тұлғасының жақын туыстары, жұбайы, жекжаттары туралы ақпарат беру туралы талап.

3.11.1 Әлеуетті өнім беруші әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының және тендерлік өтінімге қол қойған әлеуетті өнім берушінің уәкілетті тұлғасының-сатып алу веб-порталында айқындалған нысан бойынша кәсіпкерлік қызметті электрондық түрде жүзеге асыратын жеке тұлғаның жақын туыстары, жұбайы, жекжаттары туралы ақпарат беруге тиіс.

3.12. Әлеуетті өнім берушіге қойылатын өзге де талаптар

3.12.1. Флорист/гүл Өсірушіден, тазалаушыдан басқа, тендерлік құжаттаманың 3.3.1-тармағының талаптарында көрсетілген Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 109 бұйрығына сәйкес биіктікте жұмыс істеу кезінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қолданыстағы куәліктер мен хаттамалардың болуы туралы растайтын құжаттар.

3.12.2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №253 бұйрығына сәйкес электр қондырғыларында жұмыс істеу нормалары мен қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткені туралы қолданыстағы куәліктердің болуы туралы растайтын құжаттар, электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат беру тобы V топтан төмен емес, 1000 В дейін және одан жоғары, инженер-энергетикте (Энергетикте) пункт талабында көрсетілген 3.3.1 тендерлік құжаттама.

3.12.3. Тендерлік құжаттаманың 3.3.1-тармағының талаптарында көрсетілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 276 бұйрығына сәйкес, Флорист/Гүл өсіруші, жинау машиналарының машинисі, слесарь-баптаушы, сырлаушы-сылақшы, ағаш ұстасы, Плиткамен қаптаушы-тазалаушы, тазалаушы / шебер, тазалаушыларға, өрт-техникалық минимум көлемінде өрт қауіпсіздігі шараларына оқытудан өткені туралы қолданыстағы куәліктер мен хаттамалардың болуы туралы растайтын құжаттар.

3.12.4. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 253 бұйрығына сәйкес электр қондырғыларында жұмыс істеу нормалары мен қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткені туралы қолданыстағы куәліктердің болуы туралы растайтын құжаттар, электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат беру тобы III топтан төмен емес, 1000 В дейін, дизель-генераторлық қондырғыларды диагностикалау, монтаждау, баптау, Баптау жөніндегі маманда инженер КИПиА, слесарь, төмен тоқты жүйелерге қызмет көрсету жөніндегі маман (жабдықтың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі құрылымдық кабельдік желілер), электрик / электромонтажшы, Электрмен Дәнекерлеушіде, КИПиА-ға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі Слесарьда, инженерде немесе техникалық персонал басшысында, ғимаратты пайдалану жөніндегі инженерде, тендерлік құжаттаманың 3.3.1-тармағының талаптарында көрсетілген Siemens жабдықтары жөніндегі маманда.

3.12.5. Флорист/гүл Өсірушіден, тазалаушыдан басқа, тендерлік құжаттаманың 3.3.1-тармағының талаптарында көрсетілген ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 09.07.2021 жылғы №332 бұйрығына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мамандарды, қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың білімін тексеру қағидаларына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша қолданыстағы куәліктер мен хаттамалардың бар екендігі туралы растайтын құжаттар.





3.12.6. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №253 бұйрығына сәйкес электр қондырғыларында жұмыс істеу нормалары мен қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткені туралы қолданыстағы куәліктердің бар екендігі туралы растайтын құжаттар, электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат беру тобы IV топтан төмен емес, 1000 В дейін және одан жоғары, инженер-электрикте, Schneider Electric жабдығы жөніндегі маманда көрсетілген тендерлік құжаттаманың 3.3.1-тармағының талаптарында.


4. Тендерге қатысуға өтініштер беру

- 4.1 Ашық тендерге қатысу өтініші (бұдан әрі – өтініш) әлеуетті жеткізушінің пайдаланушысы жүйеде дайындайды және оның электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылады.
- 4.2 Әлеуетті жеткізушінің электрондық сатып алуға қатысуға берген өтініші жүйеде жарияланған сатып алу туралы хабарландыруда көрсетілген соңғы күн мен уақытқа дейінгі мерзімде жүйеде автоматты түрде тіркеледі.
- 4.3 Электрондық сатып алуға қатысуға өтінішті қабылдауды немесе қабылдаудан бас тартуды растау ретінде электрондық сатып алуға қатысуға өтініш берген әлеуетті жеткізушіге жүйе автоматты түрде хабар береді.
- 4.4 Әлеуетті жеткізуші оның Ашық тендер тәсілімен сатып алуға қатысуына байланысты барлық шығындарын өзі төлейді. Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы (тендерлік комиссия, сараптау комиссиясы, сарапшы) Ашық тендер тәсілімен сатып алу қорытындыларына қарамастан, осы шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелер алмайды.

5. Тендерге қатысуға өтініштерінің мазмұны

5.1. Сатып алуға қатысуға өтініште келесілер қамтылады:

- 1) электрондық құжат нысанында сатып алуға қатысуға әлеуетті жеткізуші толтырған және қолтаңбасын қойған өтініш;
- 2) Тендерлік өтінімдерді ашу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген әлеуетті өнім берушінің, әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысы мен құрылтайшыларын (қатысушыларын) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді қамтитын құжат (құжаттар).
Электрондық құжат немесе электрондық көшірме нысанында ұсынылады.
Консорциум қатысқан жағдайда консорциумға кіретін әрбір заңды тұлға бойынша көрсетілген мәліметтерді қамтитын құжаттар, консорциумға кіретін әрбір заңды тұлғаның уәкілетті тұлғасының консорциум туралы келісімге қол қою құқығын растайтын құжат, сондай-ақ консорциум туралы келісім ұсынылады.
Жеке кәсіпкерлікті заңды тұлғаны құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін осы тармақта көрсетілген құжат ретінде әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген мәліметтерді қамтитын құжат ұсынылады.
Консорциум қатысқан жағдайда консорциумға кіретін әрбір заңды тұлға бойынша көрсетілген мәліметтерді қамтитын құжаттар, уәкілетті тұлғаның консорциум келісіміне қол қою құқығына сенімхаты (консорциум туралы келісімге бірінші басшы қол қоймаған жағдайда), сондай-ақ консорциум туралы келісім ұсынылады.
Осы тармақта көзделген құжатты (құжаттарды) беру мерзіміне қойылатын талап Қазақстан Республикасының резиденті емес- әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды.
- 3) Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігімен келісім түрінде берілген техникалық ерекшелік.
Техникалық ерекшелікке балама шарттар болған жағдайда, әлеуетті өнім беруші келісіммен тең дәрежеде баламалы шарттарды қамтитын техникалық ерекшелікті ұсынады.
- 4) аталған тендер құжаттамасының 3.2 бөлімінде белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;
- 5) аталған тендер құжаттамасының 3.3 бөлімінде белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;
- 6) Электрондық құжат немесе электрондық көшірме нысанында жұмыстарды орындау бойынша субмердігерлердің (қызметтерді көрсету кезінде бірлесіп орындаушылардың) тізімі, тендерлік құжаттамасында анықталған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемінен аспауға тиіс субмердігерлерге (бірлесіп орындауға) берілетін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі және түрлері;
- 7) Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген рұқсаттар (лицензиялар) немесе қосалқы мердігер орындайтын жұмыстарға (бірлесіп орындаушы көрсететін қызметтерге) рұқсаттың (лицензиялаудың) электрондық жүйесін пайдаланатын рұқсат (лицензия) берген мемлекеттік органның ресми интернет көзіне (веб-сайтына) сілтемені қамтитын әлеуетті өнім берушінің электрондық құжаты немесе электрондық көшірме форматындағы өтініші.
Әлеуетті өнім беруші міндетті рұқсат алуға (лицензиялауға) жататын қызмет болжанатын тендерге қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда ұсынылады.
Электрондық көшірме нысанында ұсынылады (әлеуетті өнім берушінің өтініші электрондық құжат нысанында да ұсынылуы мүмкін).;
- 8) Әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша түріндегі тендерлік өтінімді немесе электрондық құжат нысанындағы электрондық банк кепілдігін қамтамасыз ету. Тендерлік өтінімді





қамтамасыз ету сомасы тендерлік құжаттамада белгіленген мөлшерден төмен болмауы тиіс. Тендерлік өтінімді қамтамасыз ету тендерлік құжаттамада баяндалған енгізу шарттарына, мазмұнына және түріне сәйкес келуге тиіс;

9) Өтінімге бағалау және салыстыру критерийлерінің қолданылуын растайтын құжаттар (егер әлеуетті өнім беруші бағаның шартты төмендеуіне әсер ететін критерийлерді қолдануға үміткер болған жағдайда). Электрондық құжат немесе электрондық көшірме түрінде ұсынылады. "Әлеуетті өнім беруші жеткізуге ұсынылатын тауардың тауар өндірушісі болып табылады" критерийі бойынша құжаттар ұсынылмайды.

Әлеуетті өнім беруші бағаның шартты төмендеуіне әсер ететін өлшемшарттарды растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, тендерлік комиссия мұндай әлеуетті өнім берушіге шартты жеңілдікті қолданбайды.

Бағаның шартты төмендеуіне әсер ететін өлшемшарттарды растайтын құжаттарды ұсынбау мұндай өтінімді қабылдамау үшін негіз болып табылмайды.

10) Әлеуетті жеткізуші қол қойған электрондық құжат нысанындағы баға ұсынысы;

Екі кезеңдік тендер тәсілімен сатып алуды өткізу кезінде баға ұсынысы сатып алуды өткізудің екінші кезеңінде ұсынылады.

11) Тендер өтінішінің электрондық құжат нысанында көрсетілген сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу шарттарымен, түрімен, көлемімен және тәсілімен әлеуетті жеткізушінің келісуі туралы мәліметтер;

12) Әлеуетті өнім берушінің Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне әлеуетті өнім берушіні енгізу шарттарымен танысуы туралы мәліметтер;

13) Әлеуетті жеткізушінің жарғысына сәйкес әлеуетті жеткізушінің атынан сенімхатсыз әрекет етуге құқығы бар әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысын қоспағанда, жүйеде қалыптастырылған және әлеуетті жеткізушінің мүдделерін білдіретін тұлғаға (тұлғаларға) тендерге қатысуға өтінімде қамтылған өтінімге және құжаттарға қол қою құқығына берілген электрондық сенімхат. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын әлеуетті жеткізуші осы тармақшада көзделген құжатты электрондық нысанында ұсынады.

15) Сатып алу веб-порталында айқындалған нысан бойынша электрондық түрдегі бенефициарлық иеленушілер туралы ақпарат.

16) Әлеуетті өнім берушінің - тауар өндірушінің бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға қол қойған ЭЦҚ өтініш (декларация). Өтініште (декларацияда) өнім беруші шартты орындау шеңберінде өндірісін ұйымдастырып, жүзеге асыруға және жеткізуге міндеттенген Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкес келетін тауардың атауы мен сипаттамасы қамтылуға тиіс. Егер әлеуетті өнім беруші сатып алынатын тауар бойынша ҚТӨ тізілімінде тұрмаса, тауар өндірушілері арасында біртекті тауарларды сатып алуға қатысқан кезде тауар өндіруші ұсынады.

17) Тендерлік өтінімге қол қойған әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының және әлеуетті өнім берушінің уәкілетті тұлғасының-сатып алу веб-порталында айқындалған нысан бойынша кәсіпкерлік қызметті электрондық түрде жүзеге асыратын жеке тұлғаның жақын туыстары, жұбайы, жекжаттары туралы ақпарат.

18) аталған тендер құжаттамасының 3.12 бөлімінде белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

5.2. Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын әлеуетті жеткізуші осы тармақта қарастырылған Қазақстан Республикасының резиденттері сияқты құжаттарды не ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсынады.

5.3. Осы тендерлік құжаттаманың 5.1-тармағының 2) тармақшасында көзделген құжаттар Қордың алдын ала біліктілік іріктеуінің ақпараттық жүйесінен білікті әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімінің құрамына автоматты түрде енгізіледі.

5.4. Тендерлік өтінішті қалыптастыру барысында жүйемен қалыптастырылатын құжаттарды қоспағанда, осы тендерлік құжаттаманың 5.1-тармағында санамаланған құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерінің электрондық көшірмелерін тапсыруға рұқсат етіледі.


5.5. Тендерлік өтінімді қалыптастыру кезінде әлеуетті өнім беруші сатып алу веб-порталының тиісті жолдарына (бөлімдеріне) осы тендерлік құжаттамада айқындалған ақпарат пен құжаттарды енгізеді.

6. Тендер өтініштерін жасау және ұсыну тіліне қойылатын талаптар

Сатып алу веб-порталы автоматты түрде қалыптастырған, қазақ және орыс тілдерінде ұсынылатын құжаттар мен мәліметтерді қоспағанда, өтінім, сондай-ақ өтінімдегі барлық құжаттар мен мәліметтер әлеуетті өнім берушінің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

Өтінімде басқа тілде жасалған құжаттар болуы мүмкін, егер оларға әлеуетті өнім берушінің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аударма қоса берілсе және бұл жағдайда аударманың артықшылығы болады.

7. Баға ұсынысының мазмұнына және валютасына қойылатын талаптар





1068241

7.1 Электрондық құжат нысанындағы баға ұсынысын әлеуетті жеткізушінің пайдаланушысы жүйеде қалыптастырады және оның ЭЦҚ-мен қол қояды;

7.2 Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысында бірлік бағасы, сондай-ақ тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді тасымалдауға және сақтандыруға, кедендік баждарды, басқа да салықтарды, алымдарды төлеуге, сондай-ақ тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттарында қарастырылған басқа да шығыстарды қоса алғанда, ҚҚС есепке алмағанда, олардың жалпы/қорытынды бағасы қамтылуға тиіс.

Тауарларды кешенді сатып алу немесе қызметтерді кешенді сатып алу немесе жұмыстарды кешенді сатып алу шартымен әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы ҚҚС-ты есепке алмағанда, әрбір лот бойынша бағаны көрсете отырып, лоттар жиынтығына біріктірілген барлық лоттарға ұсынылуға тиіс.

7.3 Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысында тендерлік құжаттамада айқындалған Тапсырыс берушінің шарттарында ұсынылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жалпы/қорытынды бағасына жеңілдік, сондай-ақ балама шарттарды ескере отырып ұсынылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жалпы/қорытынды бағасына жеңілдік болуы мүмкін.

Әлеуетті жеткізуші Тапсырыс берушінің тендерлік құжаттамада айқындалған талаптарында жалпы/қорытынды бағаға жеңілдіктер және (немесе) балама шарттар кезінде жеңілдіктер ұсынған жағдайда, баға ұсынысында көрсетілген жеңілдіктерді ескере отырып, жалпы/қорытынды баға қамтылуы керек;

Ұзақ мерзімді сатып алуды жүзеге асыру кезінде баға ұсынысында осы тармақшада айқындалған тәртіппен жылдар бойынша бөлінген бағалар туралы ақпарат қамтылуға тиіс;

7.4 Электрондық сатып алуға қатысушының баға ұсынысы теңгемен көрсетілуі тиіс.

8. Тендерлік өтінішін енгізу шарттары, мазмұны және қамсыздандыру түрлері

8.1. Әлеуетті өнім беруші Тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді кепілдік ретінде енгізеді:

1) өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін өзінің тендерлік өтінімін кері қайтарып алмайды немесе өзгертпейді;

2) ол тендер жеңімпазы деп айқындалған жағдайда, Тапсырыс берушімен тендер қорытындыларының хаттамасында белгіленген мерзімде шарт жасасады және сатып алу талаптарында осындай қамтамасыз етуді енгізу көзделген жағдайда, сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.

Сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің енгізілген сомасының тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігін есептеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлемді аудару, банк кепілдігін беру немесе осы тендерлік құжаттамада айқындалған өзге де қамтамасыз ету күніне белгіленген бағамына сәйкес айқындалады.

8.2. Әлеуетті жеткізуші өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдауға құқылы:

1) әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша

2) Электронды банк кепілдігі

8.3. Өтінішті қамсыздандырудың қолданылу мерзімі тендерге қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімінен кем болмауға тиіс.

Бұл ретте электрондық сатып алуға қатысуға өтініті қамсыздандырудың қолданылу мерзімінің өтуі тендерге қатысуға өтініштер ашылған күннен басталады.

Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің тиынмен есептелген сомасы жуықталады. Бұл жағдайда елу тиыннан аз сома нөлге дейін жуықталады, ал елу тиынға тең және одан жоғары сома бір теңгеге дейін жуықталады.

8.4. Сатып алуға қатысуға өтінімді қамсыздандыруды енгізуді растауды қамтымайтын барлық өтінімдерді тендерлік комиссия тендерлік құжаттама талаптарына жауап бермейтіндей етіп кері қайтарады.

8.5 Тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді келесілер енгізбейді:

1) Қор және Қордың ұйымдары;

2) МҰ тізілімінде тұрған мүгедектер ұйымдары (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедектер - жеке тұлғалар);

3) білікті әлеуетті өнім берушілер арасында сатып алуға қатысу кезінде білікті әлеуетті өнім берушілер;

4) сатып алынатын тауарды тауар өндірушілер арасында сатып алу кезінде ғана ұсынылуы мүмкін Тәртіпке № 6 қосымшаның 18-тармағында көрсетілген сатып алынатын тауарды өндірушілер.

Аталған тармақтың 1), 2) және 4) тармақшаларының ережелері консорциумдарға қатысты қолданылмайды.

8.6. Әлеуетті өнім беруші енгізген тендерлік өтінімді қамтамасыз ету мынадай жағдайлардың бірі басталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушіге қайтарылады:

1) аталған әлеуетті өнім беруші өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің тендерлік өтінімін кері қайтарып алған жағдайда;





1068241

- 2) тендер қорытындыларының хаттамасына қол қойған жағдайда . Аталған жағдай тендер жеңімпазына және тендер қорытындысы бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге қолданылмайды;
- 3) сатып алу туралы шарт күшіне енген және тендер жеңімпазы тендерлік құжаттамада көзделген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген жағдайда;
- 4) сатып алу туралы шарт күшіне енген және тендер қорытындылары бойынша тәртіптің 43-бабы 5-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда айқындалған екінші орын алған әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттамада көзделген шарттың орындалуын қамтамасыз еткен жағдайда.
- 5) сатып алу туралы шарт күшіне енген (егер тендерлік құжаттамада шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделмеген жағдайда);
- 6) сатып алуды жүзеге асырудың күші жойылған/одан бас тартылған жағдайда.

Сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет шарт жасасу рәсімін тоқтатқан жағдайда тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді қайтару рәсімі тоқтатыла тұрады.

Бұл жағдайда тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді қайтару мерзімінің өтуі жоспардан тыс тексеру жүргізу уақытына тоқтатыла тұрады.

Тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді қайтару мерзімінің өтуі сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет шарт жасасу рәсімін қайта бастау туралы шешім қабылдаған күннен бастап жалғасады.

8.7. Әлеуетті өнім беруші енгізген тендерлік өтінімді қамтамасыз ету мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде қайтарылмайды:

- 1) тендер жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса;
- 2) тендер жеңімпазы сатып алу туралы шарт жасасып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы тендерлік құжаттамада белгіленген талапты орындамаса не уақтылы орындамаса;
- 3) салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша тәртіптің 43-бабы 5-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда айқындалған екінші орын алған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса немесе сатып алу туралы шарт жасаса отырып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы тендерлік құжаттамада белгіленген талапты орындамаса немесе уақтылы орындамаса.
- 4) әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік органның, заңды не өзге де мүдделі тұлғаның уәкілетті өкілі қол қойған немесе жеке тұлға қол қойған дәйексіз ақпарат ұсынғанын растайтын құжатқа сәйкес әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтінімінде дәйексіз ақпарат беру фактісі анықталған жағдайларда жүзеге асырылады.

9. Тендерлік өтініштерді өзгерту және оларды кері қайтарып алу

9.1. Әлеуетті жеткізуші электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуынан кешіктірместен:

- 1) Электрондық сатып алуға қатысуға енгізілген өтінімді өзгертуге және (немесе) толықтыру;
 - 2) Өзі енгізген сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпай, электрондық сатып алуға қатысуға өзінің өтінімін кері қайтарып алуға құқылы.
- Сатып алуға қатысуға өтінішті ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін электрондық сатып алуға қатысуға өтінімді қайтарып алуға жол берілмейді.

10. Тендерлік өтінімдерді ашу

10.1. Электрондық сатып алуға қатысуға өтініштер жүйеде ұсынылған өтінімдердің мазмұнын жариялау арқылы хабарландыруда көрсетілген күні және уақытта автоматты түрде ашылады.

Ашылған өтінімдерді (жүйеде қалыптастырылатын баға ұсыныстарын қоспағанда) қарау үшін қолжетімділік тендерлік комиссияның құрамына енгізілген пайдаланушыларға, тендерлік комиссияның хатшысына, сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға, байқаушыларға және Тапсырыс беруші тікелей немесе жанама түрде тиесілі портфельдік компанияларға беріледі.

Аталған электрондық сатып алуға қатысқан әлеуетті жеткізушілерге көрсетілген қолжетімділік рұқсат беру хаттамасы (кемітуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып ашық тендер өткізу кезінде) немесе қорытындылар хаттамасы (ашық тендер өткізу кезінде) жарияланғаннан кейін беріледі.

10.2. Электрондық сатып алуға қатысуға өтініш, сонымен қатар, электрондық тендерге (лотқа) электрондық сатып алуға (лотқа) қатысуға 1 (бір) өтініш тапсырылған жағдайда да ашылады және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігі қаралады.

10.3. Әлеуетті жеткізушілердің электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдерін ашу хаттамасы жүйеде автоматты түрде ресімделеді.

10.4. Егер ашу күні мен уақытына дейін тендерге қатысуға бірде-бір өтінім түспесе, ашық тендер тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп танылады және жүйе сатып алу қорытындыларының хаттамасын қалыптастырады.

11. Тендерге қатысуға өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыру тәртібі

11.1. Электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдерді тендерлік комиссия өтінімдердің осы тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.





1068241

11.2 Тендерлік комиссия электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тендерлік өтінімдерді алдын ала қарауды жүзеге асырады. Күрделі техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктері бар тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізу кезінде өтінімдерді тендерлік комиссия сарапшыны (сараптама комиссиясын) тарта отырып, тендерлік өтінімдер ашылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Әлеуетті өнім берушінің оны өндіру кезінде баламалы техникалық сипаттамаларды және (немесе) технологиялық шешімдерді ұсынуына байланысты лоттардың бір бөлігі немесе бір лот өнімді сынауға байланысты қосымша қарауды талап ететін тауарларды сатып алу жүргізілген жағдайда, осы лот (лоттар) бойынша өтінімдерді қарау мерзімі сынақтар нәтижелерін алғанға дейін қосымша ұзартылады, бірақ одан артық болмауы тиіс 20 (жиырма) жұмыс күніне қарағанда.

11.3. Тендерлік комиссия Өтінімдерді қарау кезінде өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.

Сұрату жіберілген жағдайда өтінімдерді қарау мерзімі ақпарат алу мерзіміне мөлшерлес, бірақ 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге дейін қосымша ұзартылады.

11.4. Тендерлік комиссияда электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдердің мазмұнына ескертулер болмаған жағдайда қорытындылар хаттамасы қалыптастырылады.

11.5. Тендерлік комиссияда электрондық сатып алуға қатысуға арналған өтінімдердің мазмұнына ескертулер болған жағдайда, тендерлік өтінімдерді алдын ала қарау рәсімінің қорытындылары бойынша анықталған сәйкессіздіктердің толық тізбесі көрсетіле отырып, алдын ала қарау хаттамасы қалыптастырылады.

Алдын ала қарау хаттамасына тендерлік комиссияның мүшелері және оның хатшысы қол қояды.

